

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

**«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы**

25.05.2023 ж.

**Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”**

25.05.2023

**Сборник материалов международной научно-практической конференции  
«Проблемы исследования тюркских рунических памятников»**

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.  
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,  
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің  
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті  
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930  
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

## Ә. КЕКІЛБАЕВТЫҢ «КҮЙ» ПОВЕСІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ

Жиембаева Г.Т.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

[zgulbahram@mail.ru](mailto:zgulbahram@mail.ru)

**Аннотация.** Адам өмірінің терең философияға толы көріністері бейнеленген «Күй» повесінің қазақ әдебиеті тарихында алатын орны ерекше. Күй мен күйші, күй құдіреті, көрші жатқан қазақ пен түрікмен арасындағы жаугершілік, кекшілдік, мәңгүрттік көріністері бейнеленген повесть – Ә. Кекілбаевтың алғашқы туындыларының бірі. Аталған мақалада заңғар жазушының «Күй» повесінің тақырыптық-идеялық мазмұны қарастырылады.

**Кілт сөздер:** «Күй» повесі, күй, күйші, мәңгүрттік, кекшілдік.

**Abstract.** The story «Kui», which depicts deep philosophical pictures of human life, has a special place in the history of Kazakh literature. This is one of the first works of A. Kekilbayev with the image of kuya and kuishi, the power of kuya, the enemy between the neighboring Kazakh and Turkmen. The article deals with the thematic, ideological content of the work «Kui» of the great writer.

**Key words:** story «Kui», kui, kuishi, mankurt, revenge.

Кемел ой мен көркем сөздің иесі Ә. Кекілбаевтың тұңғыш шығармаларының бірі, 1967 жылы жарық көрген «Күй» повесі – халық тағдырын жан-жақты бейнелейтін туындылардың бірі. Жазушы шығармасында қарапайым адамдардың, ірі тұлғалардың тағдырын, олардың сан тараулы тұрмыс-тіршіліктерін бейнелеп, кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесін, болмысын шынайы суреттей білген.

Жазушы «Күй» повесінде бірінші кезекте күй мен күйші тақырыбын қарастырып, Абыл күйшінің тағдырын әдебиетке алып келді. Сонымен қатар көрші өмір сүріп жатқан қазақ пен түрікмен арасындағы толассызшапқыншылық пен барымта, жауыздық пен зорлық-зомбылық суреттеледі. Ол туралы жазушы «...Талай замандар бойы осы далада зорлық-зомбылықтың нешеалуан түрі: алып кету, шауып кету, жер дауы, жесір дауы патшалық құрған. Жаулықтың тамыр жайып кеткені соншалық, жазықты мен жазықсызды айырыпжату мүмкін емес-ті. Жұрт аузында кек қайтару деген қатал сөз бар. Осы сөз елдің есін алып, ішін мұздатқан. Кеудене шерменде боп қатқан. Тіпті аза-қаза үстінде де еркек атаулы қарына қанжар байлап жүруді әдет еткен» [1: 71], - дейді. Повесте түрікмендер қолында тұтқында қалған қазақ күйшісінің тағдыры, күй құдіреті, өнердің рухтылығы өте әсерлі шыққан. Жазушы повесте күй арқылы, күйдің құдіреті арқылы өмірін ұрыс-шабыспен өткізген, осылайша жалғыз баласынан да айрылған түрікмен батыры Жөнейттің мына жалған дүниедегі істерінің бұрыстығын күй құдіреті арқылы ұқтырған. Күйдің құдіретінен жеңілсе де, Жөнейт сыр бермеуге тырысады. Шығармада Жөнейттің күйді түсініп,

қабылдауы, күйді тыңдап отырған кездегі толқыныстары, ішкі сезімдері кеңінен суреттелген.

Повестегі Жөнейт пен Көкбөрі – түрікмен батырлары. Жөнейттің екі ұлы да жаугершілікте көз жұмады. Бауыры Көкбөрінің қазақ батыры Дүйімқараның қолынан опат болуы Жөнейтке ауыр тиеді. Жөнейт кенже ұлы дутаршы Дәулетті Дүйімқарадан кегін алуға аттандырады. Алайда Дәулет те опат болады. Дәулеттің жанындағы нөкерлері Дәулеттің құны деп алдарынан кезіккен жазықсыз күйші қазақ жігітін тұтқындап әкеледі.

«Күй» повесіндегі күйші Маңғыстау топырағында туып өскен кіші жүз ішіндегі он екі ата Байұлының бір бұтағы – адайдан шыққан Абыл күйшінің прототипі болуы мүмкін. Повесте басты кейіпкер – тұтқын күйші. Алайда шығармада күйшінің аты аталмайды. Ғалым А. Сейдімбек «Күй шежіре» еңбегінде Абыл туралы «...Адайдан – Құдайке, одан Қосай тарағанда, Қосайдан – Шалбар, Жаман Адай, Түркімен Адай деп аталатын үш ата өрбіген. Соның түркімен Адайынан – Абыл күйші шыққан» [2: 270], - дейді. Өз бетімен кетіп бара жатқан күйшіні түрікмендер ұстап алып, оған ең қатал жаза қолданады. Оны шұңқыр ішіне тірідей аяқ-қолын кісендеп, мойнын ғана шығарып, қара жолдың бойына көміп кетеді. Сөйтіп жазықсыз, қорғансыз күйші айдалада өлім тұзағына ілігеді.

Түрікменге тұтқынға түскен қазақ күйшісімен түрікменнің күйшісі, Жөнейттің баласы Дәулеттің арасында байланыс бар. Дәулет те қазақ күйшісі секілді өнерге жақын, шапқыншылық пен барымтадан алыс адам. Ал әкесі Жөнейт пен оның бауыры Көкбөрі қанға қан, жанға жан, кекке кек қайтаратын жандар. Көкбөрі Дәулеттің дутар тартатын бахшылығын, жалпы ештенесін де жақтырмайды. Ол туралы шығармада: «... Еркекке найза мен қылыштан басқа не өнер керек. Қолыңнан келеді екен – қол баста, жау шап, келмейді екен – ақ таяқ ұстап қой бақ. Ал Дәулет кішкентайынан бақшы, дутаршы десе есі кететін, жасы он бестен асысымен-ақ көшелі күйші болып алды. Бұл өңірде онан асқан дутаршы жоқ» [1: 223], - дейді. Әкесі де баласының сауықшыл мінезін жақтырмайды.

Ә. Спан жазушының бір халықты бір халықтан кем немесе артық көрмейтін ұлы гуманист екендігіне тоқтала отырып, «Күй» повесі туралы: «...Мұнда ол «түрікмендер – жаман, қазақтар – жақсы» демейді. Жамандық пен жақсылық екеуіне де ортақ – қазақтың Дүйімқарасының түркімендегі сыңары – Көкбөрі, қазақтың күйшісінің түркімен ішіндегі егізі – Дәулет» [3: 81-82], - дейді.

«Күй» повесіндегі түрікмендердің қолына түскен тұтқын балалардың мәңгүртке айналуы Ш. Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы жеке адамның рухани мәңгүртке айналуы, адамдық сана-сезімнен ада болуы бір-бірімен ұқсас. Ш. Айтматов «мәңгүрттік» ұғымы туралы «...Дүниедегі жаза біткеннің сұмдығы адамды ақыл-есінен айыру да. Ақыл-ой адам өле-өлгенше өзімен бірге болатын жалғыз қазына ғой. Біреудің қолында бар байлық бақада да бар болар. Ақыл-ой тек саған ғана тән, басқалардікінен бөлек жалғыз асылың...» [4: 15] деген ой қорытады. Жалпы осы «мәңгүрт» ұғымын әдебиет сахнасына алғаш енгізген Ә. Кекілбаев болатын. Ал Шыңғыс Айтматов «мәңгүрт» ұғымына

жаңаша мән беріп, адамзаттың рухани дамуына кедергі болатын күш ретінде таныта білді.

Повестегі оқиға түрікмен жерімен шектесетін Маңғыстау өңірінде XVIII ғасырда орын алған. Бұл жерлерде түрікмен мен қазақтар арасында мал мен жерден басталып, арты адам өліміне ұласып, ушыққан шиеленісті кезеңдер болған. Адай мен түркімендердің бір-бірінің тыныш жатқан ауылдарына шапқыншылық жасауы үлкен жанжалға, күш көрсетуге, кек қайтаруға, қатігездікке ұласқан. Адай батыры Дүйімқараның қолынан қаза тапқан батыр інісі Көкбөрінің кегін қайтару үшін Жөнейіт он екі ұл мен қызды алып кетіп, мәңгүртке, мәңгілік күң мен құлға айналдырады. Шығармада түрікмендердің қолына тұтқынға түскен қазақтың алты баласына берілген жазаның ең ауыр түрі – мәңгүрт жасау оқиғасы былайша суреттеледі: «...Қолдарына ағараңдаған бір жапырақ тері ұстаған алты жігіт қалың топты жарып өтіп, тұтқындарға беттеді. Манадан бері білектерін сыбанып, әзір тұрған мосқал еркектер алты баланы құлақтан тартып шөкелетіп, жерге бұқтырды; алты жігіттің қолдарындағы теріні алып, тұтқындардың басына жапты. Әлі ылғалы бойындағы жып-жылы тері жаңа ғана шашы алынған жалтыр басқа жабыса кетті. Тұтқын балалар бұның не екенін түсіне алмай, айналасына әлі алақтап отыр. Қолдары жып-жып еткен мосқал еркектер терінің жиегін шыр айнала бүрмелеп қойған көн тартпаны шірене тартып, сықитып таңып тастады. Жаңа ғана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді...» [1: 221].

Өрімдей алты балаға қолданылған сұмдық жаза адамның төбе күйқасын шымырлатады. Ақыл есінен айрылып, мәңгүртке айналған балалардың тағдыры кім-кімді болсын бей-жай қалдырмайды. «...Олар бір апта бойы осылай зар илеп, шыңғырды да жүрді. Сосын бастарына шаш шықты, ол түйенің көнінен өте алмай, қайтадан күйқасын тесіп кері өсті. Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. Жүре-жүре тілден де айрылды. Түйемен бірге өреді, түйемен бірге келеді. Жөнейіт былтыр бауырларының қандай күйге ұшырағанын Дүйімқара өз көзімен көрсін деп екі тұтқынды адай апарып тастады да, былайғы төртеуін осы ауылдың түйесін бағуға, тезегін теріп, суын тасуға алып қалған-ды» [1: 221]. Жауыздықтың кесірінен мәңгүртке айналған қазақ балаларының тағдыры, жазықсыз күйшінің тағдыры, қазақ пен түрікмен арасындағы шапқыншылықты бейнелейтін бұл шығарманың астарында елді бірлік пен татулыққа шақыру идеясы жатыр.

Мәңгүрттік – өзінің кім екенін, елін, тегін, тіпті әке-шешесін, өз атын да білмейтін мылқау, меңіреу, иесіне бағынышты құл. Повестегі мәңгүрттік елін, жерін, тегін танымайтын, тілден айырылған, иесіне бағынған, соның айтқанын екі айтқызбай істейтін, ақыл-санадан айрылған адам. Повестегі мәңгүрттік ол қолдан жасалған мәңгүрттік. Ал қазіргі таңда қазақ қоғамында белең ала бастаған рухани мәңгүрттіктің де зардабы мен залалы өте зор. Тілін, дінін, ділін, тарихын, мәдениетін, ұлт болашағын, болмысын ойламайтындар, білмейтіндер – қоғамның дерті, рухани мәңгүрттер. Бір ұлттың, халықтың өз тілін, дінін ұмыта бастауы – мәңгүрттіктің ұлттық, қоғамдық трагедиясы. Қоғамымызда ұлттық

келбетін жоғалтқан, ата-анадан, өз туған баласынан безген, жат діннің құрбанына айналып, дінінен безген, ішімқорлық, нашақорлық секілді жат қылықтарға әуес мәңгүрттердің болуы ұлттың өркендеуіне аса қауіпті. Қазіргі таңда әлем жаһандануды қанша басынан кешіріп жатса да, ұлттық болмыстан ажырауға болмайды.

Шебер суреткер, өзіндік дара қолтаңбасы бар Ә. Кекілбаевтың «Күй» повесті тақырыбы, идеясы, тарихи танымы, тағылымы, суреткерлік шеберлігі, көркемдік тұрғысы жағынан құнды дүние болып табылады.

«Күй» повесінде адам тағдырының терең философияға толы көріністері бейнеленген. Күйші жан-дүниесімен толғаған күйі арқылы қазақ пен түрікменді бітіспес дауды доғарып, бітімге, бірлікке шақырады. Жазушы өткен тарихты қозғай отырып, «мәңгүрттікті» суреттеу, күй мен күйшіні суреттеу арқылы халықтың рухының мықтылығын жеткізе білген. Күйшінің адам жанын тебірентер күйі ұлттық рухтың өлмегендігін көрсетеді. Жазушы сондықтан да күйді басты идея үшін қолданған. Күй екі туыстас халықтың арасындағы шапқыншылықтан, барымташылықтан, кекшілдіктен пайда болған аянышты тағдырларды суреттей отырып, осылардан сабақ алуға шақырады.

### Әдебиет

1. Ә. Кекілбайұлы Шығармаларының жиырма томдық толық жинағы. Хикаялар. 5-том. – Алматы: Жазушы, 2010. – 320 б.
2. А. Сейдімбек Күй шежіре. – Алматы: Жалын, 1993.
3. Заңғар. – Алматы, 2008. – 81-82 б.
4. Ш. Айтматов Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн). – Алматы: Жалын, 1986. – 304 б.

## AZERBAIJAN'DA ESKİ TÜRK YAZITLARININ ARAŞTIRILMASI TARİHİNE DAİR

Z. Ziyayeva  
Khazar Üniversitesi  
Bakü, Azərbaycan  
[zziyayeva@khazar.org](mailto:zziyayeva@khazar.org)

**Özet.** Moğolistan bozkırlarında Orhun nehrinin kıyılarında bulunan taş yazıtlarının okunup bu abidelerin Türk yazı tarihine ait olmasının bilinmesinden 130 sene geçmiştir. Bu yıllar içinde Orhun abideleri hem Türkiye'de, hem Avrupa'da, hem Rusya'da, hem de Türk Cumhuriyetleri'nde tetkik edilmiştir. Araştırmalar çeşitli şekilde yürütülmüştür. Bazı çalışmalar abidelerin okunması üzerine, bazı araştırmalar ise bizzat abidelerin dil özelliklerinin tesbitine yönelmiştir. Her iki yaklaşımla Eski Türk yazıtlarının tetkikine yönelik külli çalışma toplusu ortaya çıkmıştır. Bu çalışmada da Türkolojide “Göktürk yazıtları”, “Orhun abideleri”, “Bengü taşlar” olarak bilinen